8777 916 03 03
Стыбай Н.

MANGYSTAY
«ҚАЗАҚСТАН» РТРК» АҚ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
МАНГИСТАУСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ФИЛИАЛ
АО «РТРК «КАЗАХСТАН»
Шығ./Исх. № 01-10-74
«22» 05 2023 ж./г.

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылы 7 сәуір №4712-23-00-2/75 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.А.Борашева,
сот отырысының хатшысы Г.Матжанованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы атынан «РТРК «Қазақстан» акционерлік қоғамының Маңғыстау облыстық филиалы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Satu kz» басшысы Стыбай Нұрсұлтан Дауленұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2) айыппұл өндіру

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2022 жылы 7 желтоқсанда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №045 келісім шарты (бұдан әрі-Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, жалпы сомасы 748 000 теңгені құрайтын 220 дана «сыйлық жинағы» тауарын (бұдан әрі-Тауар) жеткізуі тиіс.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын, тауардың жеткізілмегенін айтып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және 4 488 теңге айыппұл өндіруді сұраған.

Талап қоюшы сотқа арыз келтіріп, онда талап қоюын толықтай қолдап, істі өздерінің қатысуынсыз қарауын сұрады.

Жауапкер сот отырысына қатыспады, сот отырысының өткізілетін орны

мен уақытын біле тұра, белгісіз себептермен қатыспауына байланысты, сот азаматтық істі Қазақстан Республикасы АПК-нің 196-бабына сәйкес қарауды ұйғарым етті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 12 бабының 4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағына сәйкес, шарт оған қол қойғаннан кейін күшіне енеді және 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады делінген.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер тауарды шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2022 жылдың 22 желтоқсанынан кешіктірмей жеткізуі тиіс.

Алайда жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамады, тауар жеткізілмеді. Бұл мән-жай тауарды қабылдап алу-беру актісінің жоқтығымен дәлелденеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК-нің) 15, 72 және 73-баптарына сәйкес, сот істің мән-жайын анықтау мақсатында өз бастамасымен айғақтар жинаудан босатылған. Әр тараң өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысушы баска да тұлғалар береді.

Жауапкер тарапынан талап коюшының арызындағы уәждерін және келтірген құжаттарын жоққа шығаратын дәлелдемелер ұсынылған жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қою арызын сотқа жолдаған.

Істің бұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап бойынша.

Азаматтық кодексінің 293-бабында борышкор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес делінген.

Осыған орай тараптар арасында жасасталған шарттардың 7.3. тармақшасына сәйкес жауапкер тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, мерзімін өткен күннен бастап, талап қоюшы жауапкерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл соммасын өндіріп алады деп көрсетілген.

Талап қоюшымен мемлекеттік сатып алу шарты бойынша 6 күнге тұрақсыздық айыппұлын есептеп 4 488 теңге тұрақсыздық айыппұлын өндіруді сұраған. Айыппұл есебі: 748 000 тенге *0,1%*6 күн = 4 488 теңге.

Сотпен тұрақсыздық айыппұлының мөлшері тексеріліп, шарт және заң талаптарына қайшы келмейтін анықталды.

Істің бұндай жағдайында, сот талап қоюшының тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп табады.

Сонымен қатар АПК-нің 109 бабының 1- тармағы және 117 бабының 1-тармағына сай, жауапкерден талап қоюшының пайдасына мемлекеттік баж салығын төлеу бойынша шығындары 135 теңге және мемлекет пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы атынан «РТРК «Қазақстан» акционерлік қоғамының Маңғыстау облыстық филиалының жауапкер жеке кәсіпкер «Satu kz» басшысы Стыбай Нұрсұлтан Дауленұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы талабы–қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Satu kz» басшысы Стыбай Нұрсұлтан Дауленұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Satu kz» басшысы Стыбай Нұрсұлтан Дауленұлынан «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы атынан «РТРК «Қазақстан» акционерлік қоғамының Маңғыстау облыстық филиалының пайдасына 4 488 (төрт мың төрт жүз сексен сегіз) теңге айыппұл сомасы және 135 (бір жүз отыз бес) теңге сот шығындары өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Satu kz» басшысы Стыбай Нұрсұлтан Дауленұлынан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтініштхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.А.Борашева

Көшірмесі дұрыс
Судья А.А.Борашева
Шешім заңды күшіне 16.05.2023 жылы енді
Судья А.А.Борашева

Прошнуровано и пронумеровано на ___ листах
Судья Борашева А.А.
«___» ___ 202___ года

Маңғыстау облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
соты

Специализированный
межрайонный
экономический суд
Мангистауской области

АТҚАРУ ПАРАҒЫ

№ 4712-23-00-2/75-1

Маңғыстау обл., Ақтау қ, 3 шағын аудан, 101

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 07.04.2023 ж. талап қоюшы

Мангыстауский областной филиал акционерного общества "Республиканская Телерадиокорпорация "Казахстан"

(талапкерлердің Т.А.Ә)

Стыбай Нұрсұлтан Дауленұлы

(жауапкерлердің Т.А.Ә.)

соманы өндіріп алу туралы

(орындау ныcанасы)

талап арызы бойынша азаматтық ісін карап,

Шешім етті/Ұйғарым етті: Жеке кәсіпкер «Satu.kz» басшысы Стыбай Нұрсұлтан Дауленұлынан «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы атынан «РТРК «Қазақстан» акционерлік қоғамының Маңғыстау облыстық филиалының пайдасына 4 488 (төрт мың төрт жүз сексен сегіз) теңге айыппұл сомасы және 135 (бір жүз отыз бес) теңге сот шығындары өндірілсін.

Шешімінің заңды күшіне енуі күні - 16.05.2023 жылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3-ші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 21-бабының екінші бөлігіне сәйкес заңды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулыларымен бұйрықтары, сондай-ақ соттар мен судьялардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен басқа да жолданыстары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 241-бабының бірінші бөлігіне сәйкес шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгеннен кейін, заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады. Дереу орындауға жататын сот шешімдері Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 243-бабында көрсетілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы»

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания суда

Қазақстан Республикасы Заңының 128-бабына сәйкес сот орындаушысының заңды талаптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, азаматтар мен ұйымдар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Осы атқару парағының негізінде **Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты жылы** осыған қатысты барлық лауазымды адамдар мен азаматтарды, сот ШЕШІМІН уақытылы және дәл орындауды міндеттейді.

Барлық мемлекеттік және лауазымды адамдар сот шешімін орындау кезінде сот орындаушысына көмек көрсетуге міндетті.

Атқару парағы аса маңызды құжаттар есебінде сақталуға жатады: тапсырыс хатпен жолданады, жауапкердің қолына берілмейді, жауапкер жұмыс орнынан босатылған жағдайда атқару парағын кәсіпорынның әкімшілігі сот орындаушысына кері қайтарады немесе оның жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

Өндірушінің толық атауы және мекенжайы:

Өндірушінің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер өндіруші заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компаниянын атауы: Мангыстауский областной филиал акционерного общества "Республиканская Телерадиокорпорация "Казахстан"

БСН: 940441000758

Тіркеу мерзімі:04.04.1994

Меншік нысаны: Мемлекеттік меншік

Банк реквизиттері: "Қазақстан Халық банкі" АҚ , KZ296010231000297597 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ филиал Ақтау қ. БИК HSBKKZKX

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, МАҢҒЫСТАУ, АҚТАУ

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, МАҢҒЫСТАУ, АҚТАУ

Жауапкердің толық атауы және мекенжайы

Жауапкердің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер жауапкер заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Т.А.Ә.: Стыбай Нұрсұлтан Дауленұлы

Туған жылы: 01.05.1993

ЖСН: 930501301997

Туған жері: КАЗАХСТАН, Ю-КАЗАХСТАНСКАЯ, ОРДАБАСЫНСКИЙ Р-Н

Құжаттың нөмірі 043265335

Берілген күні 20.07.2018 жылы ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Заңды мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ТҮРКІСТАН, ОРДАБАСЫ АУДАНЫ, Шубарский, Шубар, УЛИЦА Ш.Уалиханов 30

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ТҮРКІСТАН, ОРДАБАСЫ АУДАНЫ, Шубарский, Шубар, УЛИЦА Ш.Уалиханов 30

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

Судья
Аудандық және оған теңестірілген сот кеңсесінің бас маманы - сот отырысының хатшысы

Борашева Айгуль Аталиковна
Матжанова Гульсим Едилбаевна

Шығарылу күні 20.05.2023 жыл

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

Пронумеровано и прошнуровано на __ листах
_____ Борашева А.А.
« » 202__ года